

**ӘОЖ 330.15 (075.8)
ҒТАМР 06.71.02****НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ****Б.С. Қорабаев¹, Л. Хуаныш¹**¹*Қаржы Академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан***Н.Б. Абдрахманова²**²*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл, Қазақстан***Аннотация**

Мақалада шаруашылық жүргізуші субъектінің тиімді қызметін негіздеу үшін экономикалық талдау рөлінің жоғарылауы және бухгалтерлік есепті талдау қажеттілігі қарастырылады. Сонымен қатар, экономикалық талдау арқылы кәсіпорынның жұмысын болашақта жақсарту мақсатында оның өткен және ағымдағы қызметінің жағымды және жағымсыз жақтары анықталады. Жаңа жағдайда өндіріс тиімділігін анықтаушы көрсеткіштерді талдаудың маңыздылығы жоғарылауда, олар: еңбек өнімділігі, өндіріс қорларын пайдалану, өнімнің өзіндік құны, пайда, рентабельділік. Мақалада экономикалық талдаудың мәні анықталған, оны жүргізу қажеттілігі негізделген, негізгі құралдарға салынған салымдардың, олардың пайдаланылуы мен қайта өндірісінің тиімділігін талдау кезінде қажетті маңызды қағидалар анықталған, негізгі құралдарды пайдалану тиімділігі талданған, негізгі қорларды пайдалануды талдаудың мақсаты анықталған, негізгі құралдардың құрамы, құрылымы мен серпініне талдау жүргізілген, негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік беретін шаралар кешені ұсынылған.

Түйінді сөздер: экономикалық талдау, экономикалық тиімділік, талдау тәсілдемесі, негізгі қор, негізгі құралдар, негізгі өндірістік қор, қор қайтарымдылық, қор сыйымдылық.

**ЭКОНОМИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ
ОСНОВНЫХ СРЕДСТВ****Корабаев Б.С.¹, Хуаныш Л.¹**¹*Финансовая Академия, Нур-Султан, Казахстан***Абдрахманова Н.Б.²**²*СКГУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан***Аннотация**

В статье рассматривается потребность повышения аналитичности бухгалтерского учета и возрастание роли экономического анализа в обосновании эффективной деятельности хозяйствующего субъекта. А также путем экономического анализа определяются положительные и отрицательные моменты прошлой и текущей деятельности предприятия для улучшения его работы в будущем. В новых условиях повышается значение анализа показателей, определяющих эффективность производства: производительности труда, использование производственных фондов, себестоимости продукции, прибыли, рентабельности. В статье определена сущность экономического анализа, обоснована необходимость его проведения, определены принципиальные положения необходимые при анализе эффективности вложений предприятия в основные средства, их эксплуатации и воспроизводства, проведен анализ эффективности использования основных средств, определена цель анализа использования основных фондов, проведены анализ состава, структуры и динамики основных средств, анализ эффективности использования основных средств, предложены ряд мероприятий, позволяющих организации повысить эффективность использования основных средств.

Ключевые слова: экономический анализ, экономическая эффективность, аналитический подход, основной фонд, основные средства, основные производственные фонды, фондоотдача, фондоемкость.

ECONOMIC ANALYSIS OF EFFICIENCY OF USE OF FIXED ASSETS

Korabayev B.S.¹, Huanish L.¹

¹*Financial Academy, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Abdrakhmanova N.B.²

²*NKZU named after M. Kozybayev, Petropavlovsk, Kazakhstan*

Abstract

The article considers the need to increase the analyticity of accounting and the increasing role of economic analysis in substantiating the effective activities of an economic entity. And also, through economic analysis, the positive and negative aspects of the past and current activities of the enterprise are determined to improve its work in the future. In the new conditions, the value of the analysis of indicators determining production efficiency is increasing: labor productivity, the use of production assets, production costs, profit, profitability. The essence of the economic analysis is determined in the article, the necessity of its analysis is substantiated, the fundamental provisions necessary for the analysis of the enterprise investment in fixed assets, their operation and reproduction are determined, the analysis of the efficiency of using fixed assets is carried out, the purpose of the analysis of the use of fixed assets is determined, the analysis of composition, structure and the dynamics of fixed assets, analysis of the efficiency of use of fixed assets, a number of measures are proposed that allow the organization of increase the efficiency of fixed assets.

Key words: economic analysis, economic efficiency, analytical approach, fixed assets, fixed assets, fixed assets, capital productivity, capital intensity.

Кіріспе

Соңғы уақытта шаруашылық субъектінің тиімді қызметін негіздеуде бухгалтерлік есепті талдау және экономикалық талдау қажеттілігі көрініс табады. Қазірде кәсіпорындар нарықта өздерінің өндірістік-сауда қызметін бәсекелестік жағдайда атқаруда. Бәсеке деп шаруашылық субъектілердің сайысқа түсуі, олардың дербес іс-әрекеттері олардың әрбіреуінің мүмкіндігін шектейді, нарықта тұтынушыға қажетті тауарлар мен қызметтердің айналыс шарттарына әсер етеді. Нарықтық реттеушілер бәсекемен қосарлана отырып шаруашылық етудің бірыңғай механизмін құрайды, ол өз кезегінде өндірушіні (сатушы) тұтынушының (сатып-алушы) мүддесі мен талабын ескеруге мәжбүрлейді. Кәсіпорындар бір-бірімен тұтынушы үшін күресте бәсекелестікке түседі, өз кезегінде жеңілгені банкроттыққа ұшырайды. Банкроттыққа ұшырамау үшін кәсіпорын әрдайым нарықтағы жағдайды байқап, өзінің жоғары бәсекелестігін қамтамасыз етуі тиіс. Нарықты зерттеу және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету құралдарының бірі шаруашылық субъект қызметін экономикалық талдау болып табылады [1].

Талдау әдістері

Зерттеу барысында бірыңғай өндірістік-сауда процесіндегі қаржылық ресурстардың қозғалысы мен қаржылық қатынастарды ғылыми-негізделген талдау жүргізу, талданған нәтижені жинақтау, қорытындылау әдістері қолданылған. Мұндай талдау жүргізу кәсіпорын қызметінің оң және теріс жақтарын айқындау үшін ғана емес, сонымен қатар оның қызметін болашақта жақсарту үшін қажет. Қазіргі уақытта өндіріс тиімділігін анықтаушы көрсеткіштерді талдаудың маңызы артуда, яғни еңбек өнімділігін, өндіріс қорларын пайдалану, өнімнің өзіндік құны, пайда және тиімділік.

Зерттеу нәтижелері

Негізгі құралдардың қалыптасуы үшін әрі меншікті, әрі қарыз қаражаттары пайдаланылады.

Негізгі қорларды қалыптастыру кезінде негізгі құралдар мен ұзақ мерзімді инвестициялардың құрылымы, серпіні мен пайдалану тиімділігіне баға беруге мүмкіндік беретін аналитикалық міндеттер шешілуі тиіс. Қабылданушы басқарушылық шешімдердің мазмұны, басқарудың нақты қажеттіліктері аталған міндеттерді таңдау және олардың жиынтығын қалыптастыру үшін қажетті анықтаушы факторлар болып табылады.

Кәсіпорынның негізгі құралдарға салынған салымдардың, олардың пайдаланылуын және қайта өндірісінің тиімділігін талдау кезінде келесі ережелерді ескеру қажет:

- Бірнеше жылдар бойы негізгі құралдардың функционалдық пайдалылығы сақталады ма;

- Негізгі құралдардың жаңару кезі олардың құндық ауысуы кезімен сәйкес келеді ме;

- Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігі, олардың өндірістік процесте қатысуы.

Негізгі қорлар келесі топтарға бөлінеді:

1. Өнеркәсіптік-өндірістік;
2. Өндірістік емес;
3. Өндірістік емес қажеттілігі бар қорлар.

Негізгі қорлар өндірістік процесте тікелей қатысады. Негізгі қор көлемі, олардың жаңаруы мен модернизациясы, пайдаланылу дәрежесіне өнімнің көлемі мен сапасы, кәсіпорынның пайдасы мен рентабельділігі тікелей байланысты. Нарықтық экономика жағдайында өндірістік қорларды рационалды пайдалану өндіріс рентабельділігі көрсеткішін жоғарылатады. Кәсіпорын үшін артық, жұмыс істемейтін құрал-жабдықтың бар болуы пайдасыз болып келеді. Негізгі қорларды пайдалануды талдау өндіріс тиімділігін жоғарылату және халық қажеттілігін толығымен қанағаттандыру бойынша атқарылатын жұмыстар, қызметтердің сапасын ары қарай жақсарту мақсатында жүзеге асырылады. Осыған байланысты талдаудың басты мақсаттары келесідей:

- кәсіпорынның негізгі өндірістік қорлармен қамтамасыз етілу дәрежесін зерттеу;

- негізгі қорларды пайдаланудың тиімділігін анықтау;

- оларды пайдалануға әсер етуші себептер мен факторларды анықтау;

- олардың өнім өндірісіне әсерін зерттеу;

- қор қайтарымдылықты жоғарылату резервтерін анықтау.

Сонымен, кәсіпорынның негізгі қорлары зерттеу үшін «бай негіз» болып табылады [2].

Кәсіпорын қызметін талдаудың негізгі қайнар көзі бухгалтерлік баланс және баланс көрсеткіштерін толықтырушы мәліметтерден тұратын есептік құжаттар болып табылады.

Талдауды негізгі құралдар көлемі, құрылымы мен серпінінен, сонымен қатар кәсіпорынның өндірістік қуатын пайдаланудың тиімділігін зерттеуден басталады.

«Соната» ЖШС мәліметтері негізінде негізгі құралдар құрылымын қарастырамыз.

Кесте 1 Негізгі құралдар құрамы, құрылымы мен серпіні талдау

НҚ түрлері, мың теңге	Барлығы		Құрылымы %		Ауытқуы	
	2017 ж	2018 ж	2017 ж	2018 ж	Абсол.(+-)	Қатысты (%)
1. Жер	54 980	54 980	25,4	19,8	-	-
2. Ғимарат	58 444	72 005	27,0	25,9	+24 600	+15,1
3.Автокөлік құралдары	47 405	67 279	21,9	24,2	+8 835	+51, 9
4.Машиналық құралдар	36 365	56 158	16,8	20,2	+19 793	+54,4
5.Басқа да негізгі құралдар	4 821	27 590	8,8	9,9	+22 769	+572,3
Барлығы	216 459	278 012	100	100	+61 553	+28,4

Кестеде көрініп тұрғандай, «Соната» ЖШС негізгі құралдар құрылымында келесі негізгі құралдар бар: жер, ғимарат, автокөлік құралдары және басқа да негізгі құралдар. Оның ішінде ең үлкен үлесті 2018 жылы ғимарат алады, олардың құны 72 005 мың теңгеге тең болған. Бұл 2017 жылмен қарағанда 15,1%-ға жоғары, үлесі 25,9%-ға тең болып, өткен жылмен салыстырғанда 1,1 пайыздық пунктке төмендеген. Негізгі құралдардың ішінде жердің құны 54 980 мың теңгені құрып, екі жылдың ішінде өзгеріссіз қалған, ал үлесі 2018 жылы 5,6 пайыздық пунктке төмендеген. Автокөлік құралдарының құны 2017 жылы 47 405 мың теңгені құраған болса, 2018 жылы 51,9%-ға ұлғайып, 67 279 мың теңгеге тең болып қалыптасқан, оның үлес салмағы 21,8%-дан 24,2%-ға дейін жоғарылаған. Жалпы алғанда, 2017 жылы барлық негізгі құралдардың сомасы 216 459 мың теңгеге тең болса, 2018 жылы 61 553 мың теңгеге немесе 28,4%-ға ұлғайған. Яғни, 2018 жылы кәсіпорын негізгі құралдарды сатып алған.

Талдаудың басты міндеттерінің бірі – кәсіпорынның негізгі қорлармен қаншалықты қамтамасыз етілгендігін, кәсіпорынның өндірістік қуаттылығының пайдаланылу тиімділігін, негізгі қорларды пайдаланудың өнім көлемінің өзгерісіне қаншалықты әсер етуін анықтау, негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін жоғарылатудың резервтерін анықтау [2].

Ең баста маңызды көрсеткіштердің бірі – негізгі құралдардың қор қайтарымдылығы, ол өнім (жалпы, тауарлық немесе өткізілмеген) құнының негізгі құралдардың орташа жылдық құнына қатысы ретінде анықталады.

Келесі көрсеткіш – қор сыйымдылық. Бұл қор қайтарымдылыққа қарама қайшы келетін көрсеткіш, яғни негізгі құралдар құнының шығарылатын өнім көлеміне қатысы ретінде анықталады.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігі көбіне еңбектің қормен жарақтандырылу деңгейімен анықталады, ол негізгі құралдар құнының жұмысшылар санына қатысы ретінде табылады. Бұл көрсеткіш әрдайым жоғарылауы тиіс, себебі оған техникалық жарақтандырылу, яғни еңбек өнімділігі тікелей байланысты. Бұл көрсеткіш бір жұмысшыға келетін шығарылған өнім көлемін көрсетеді.

Қор қайтарымдылық және қор сыйымдылық көрсеткіштері кәсіпорынның әрбір цехы бойынша негізгі құралдар қаншалықты тиімді пайдаланылып отырғанын көрсетеді. Қор қайтарымдылық барлық негізгі қорлар бойынша есептеледі. Қор қайтарымдылыққа бірінші деңгейлі келесі факторлар әсер етеді: негізгі қордың

белсенді бөлігінің үлесі, негізгі қордың белсенді бөлігі үлесінің қор қайтарымдылығының өзгерісі [3].

Баланс активтерінің құрамы мен құрылымының серпінін талдау кәсіпорынның барлық мүлігі немесе олардың бөлек түрлерінің абсолютті және қатысты өсуін немесе төмендеуін анықтауға мүмкіндік береді. Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін талдау 2 Кестеде берілген.

Кесте 2 2017-2018 жылдар аралығындағы негізгі құралдарды пайдаланудың тиімділігін талдау

Көрсеткіштер	2017	2018	Ауытқуы	
			Абсолюттік	Қатысты %
1. Өткізуден түскен табыс (жұмыс, қызмет), мың теңге	273 173	318 055	+44 882	+16,4
2. Негізгі құралдардың орташа жылдық құны, мың теңге	216 459	278 012	+6 532	3,2
3. Қор қайтарымдылық (1/2)	1,26	1,14	-0,12	-0,9
4. Қор сыйымдылық (2/1)	0,79	0,87	+0,08	+1,1

Қорытынды

Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігі көрсеткіштерін есептеу нәтижесінде «Соната» ЖШС-де қор қайтарымдылық 0,12 теңгеге төмендеген, ал қор сыйымдылық көрсеткіші 0,79-дан 0,87-ге дейін, яғни 0,08 теңгеге жоғарылаған.

Қор қайтарымдылық негізгі құралдардың әрбір теңгесіне қанша дайын өнім келетінін көрсетеді, яғни қор қайтарымдылық көрсеткіші жоғары болған сайын кәсіпорын өзінің негізгі құралдарын тиімді пайдаланып келе жатқанын көрсетеді. Ал біздің қарастырып отырған кәсіпорынымызда қор қайтарымдылық көрсеткіші төмендеген, яғни «Соната» ЖШС басшылығына қолда бар құрал-жабдықты тиімсіз пайдаланудың себептерін анықтау орынды болып келеді. Ал бұл мәселеге уақытында назар аудармау болашақта кәсіпорынға едәуір шығын әкелуі мүмкін. Кәсіпорында негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін жоғарылату келешекте негізгі өндірістік құралдарды үнемдеуге, орындалып отырған жұмыс көлемін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Қор сыйымдылық көрсеткішінің жоғарылауы да кәсіпорын негізгі қорларының пайдалану тиімділігінің төмендеуін, оның өнім өндірісіндегі қуатылығының төмендеуін көрсетеді. Ал қарастырылып отырған кәсіпорында бұл көрсеткіш 1,1%-ға ұлғайған.

Сонымен, қор қайтарымдылық көрсеткішінің жоғарылауы және қор сыйымдылық көрсеткішінің төмендеуі кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді, ал зерттеліп отырған кәсіпорында осы мәселеге нақар аудару қажет.

Экономикалық қатынастар тәжірибесінде ұйымға негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік беретін бірқатар шараларды бөліп шығаруға болады:

– ескірген машиналар мен құрал-жабдықтарды уақытылы жанарту. Ол үшін негізгі құралдардың жағдайы мен оларды күту жағдайына уақытылы талдау жүргізу

қажет. Бірақ-та, сонымен бірге, қолданыстағы құрал-жабдықты жаңаға ауыстыру әрдайым тиімді болып келе бермейді;

– негізгі құралдарға жөндеу жұмыстарын жүргізу. Құрал-жабдықтардың уақытынан бұрын есептен шығарудың алдын-алуға және олардың қызметін ұзартуға жөндеу жұмыстары арқылы болады. Негізгі құралдарды қалыпты жағдайын ұстап тұру мақсатында жоспарлы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Негізгі құралдардың функционалдық жағдайын ұстап тұрумен қатар, жөндеу жұмыстарын жүргізу арқылы құрал-жабдықтардың сыну немесе бос тұру санын қысқартуға болады, ал мұның нәтижесінде өндіріс процесінің тоқтап тұруын немесе қолда бар өндіріс қуатының толық емес қолданылуын азайтуға болады;

– шикізат құрамындағы пайдалы заттардың үлес салмағын жоғарылату арқылы өндірісте қолданылатын шикізат пен материалдардың сапасын ұлғайту. Өндіріс кезінде пайдаланылатын шикізат сапасының жақсы болуы есебінен өндірілген өнім сапасы ұлғаяды, ал нәтижесінде негізгі қорларды пайдалану тиімділігін көрсететін қор қайтарымдылық көрсеткіші жоғарылайды [4];

– негізгі қорлардың жағдайына уақытылы және жан-жақты бақылау жүргізу, әсіресе оларды пайдалану және күтуді қадағалау қажет. Бұл негізгі құралдарды пайдалану мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді;

– өндірістің автоматтандыру деңгейін жоғарылату, технологиялық процеске прогресситі технологияларды енгізу;

– қызмет көрсетуші персоналдың біліктілігін жоғарылату, әрдайым қызметкерлерді қайтадан квалификациялау және өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру. Аталған шаралар жұмыс уақытының шығынын, жабдықтардың босқа тұруы мен сынып тұруын төмендетуге мүмкіндік береді [5].

Кез келген кәсіпорынға негізгі құралдардың тиімділігін жоғарылату бойынша шараларды іздестіру және әзірлеу маңызды міндеттердің бірі, себебі негізгі құралдардың тозуын үнемді әрі заманауи жабдықтарға уақытылы жаңарту, жеделдетілген амортизация, жабдықтардың жұмыс істеу дәрежесі, сапалы шикізатты қолдану тиімді қызметтің міндетті шарты болып табылады.

Әдебиет:

1. Тулешова Г.К. Финансовый учет и отчетность в соответствии с международными стандартами. Учебное пособие. Алматы. 2005. – 51–56 с.
2. Дюсембаев К.Ш., Егембердиева С.К., Дюсембаева З.К. Аудит и анализ финансовой отчетности- Алматы: «Қаржа-қаражат». – 1998. – С. 101.
3. Вуд Ф. Бухгалтерский учет для предпринимателей. Пятое изд-е. Пер. с англ. В 4 частях. – М.: Изд-во «Х.В.С». - 2008. – С. 29.
4. Бухорбаева А.Т. Направления повышения эффективности использования основных фондов на автотранспортном предприятии / А.Т. Бухорбаева // Молодой ученый. – 2016. – № 13. – С. 385–388.
5. Киндеева О. А. Оценка эффективности использования основных средств и мероприятия по ее повышению // Молодой ученый. – 2018. – №29. – С. 58-61.